



*Фалым салтан  
сара жол*



Ысанин эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Философия және саясаттану факультеті мен Редакциялық баспа  
кеңесі шешімімен ұсынылған

**Пікір жазғандар:**

Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің жалпы және этникалық  
психология кафедрасының профессоры,

психология ғылымдарының докторы **Ахтаева Н.С.**

Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің жалпы және этникалық  
психология кафедрасының доценті,

психология ғылымдарының кандидаты **Салықова Н.М.**

**Құрастырғандар:**

Токсанбаева Н.К., Мадалиева З.Б., Жубаназарова Н.С., Кабакова М.П. т.б.

Ғылым салған сара жол: монография- Алматы, 2014.-352 б.

ISBN 9864 - 30220 - 0

Оқу құралы жоғары оқу орны студенттеріне, магистранттарға, психология  
бөлімдерінің оқытушыларына ұсынылады.

Сонымен қатар қазақ шөліндегі білім бұлағының күрекшісі болған

Ғылымның терең ойлары, шәкірттерінің еңбектері студенттер үшін және психоло-  
гия саласына қызығушылық танытып жүрген оқырман қауымына қызмет ететін  
құнды құралдар болады деген оймен ұсынып отырмыз.

ISBN 9864 - 30220 - 0

авторлар ұжымы., 2014

Құрметті оқырман біздің құрастырған бұл кітабымызда  
«**Ғибратты гұмыр**» кешіккен, қазақ дүние танымында  
„**Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді**“ - дейді. **Кеше ғана**  
**арамызда жайраңдап, жарқылдап жүрген, бүгін көңіл төрінде**  
**азаматтық келбеті сақталған, жүрегімізде жылы жүзі мен**  
**ісі, сөзі жатталған, жанына жақын тартып, ағалық ақылын**  
**айтып шапағатын тигізген тұлғасы асқақ, мәдениеті биік**  
**ғалым, ұстаз, жайсаң азамат, танымал психолог, психоло-**  
**гия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпов Сатыбалды**  
**Мұқатайұлы өзі жазған өмірбаяндық очерктері мен шәкірттері**  
**туралы, жақындарының естеліктерін жинақтап ұсынып отыр-**  
**мыз.**

Ғылым жолын қуған адамдардың өмірінде ұмытылмас із  
қалдыратын, бүкіл болмыс-бітімімен, кісілік келбетімен, ақыл -  
парасатымен өнеге тұтатын жандар көп. Ақыл, қайрат, жүрекке  
төселік айтып, жөнге салатын ғылыммен айналысу ізгі ниетті, асыл  
мұратты, қажырлы қайратты қажет етері хақ. Тереңіне бойлаған  
сайын жаныңды нұрландырып байыта түсер ғылымның бөері  
де зор. “Дүние үлкен көл, замана соққан жел” уақыт парақтарын  
сусылдата жауып, жалынды, жалаулы жылдар жылыстап арт-  
та қалды. Өмір белестерінің сол бір көкжиегіне көз жүгіртсем  
сағым жылдар сағынышпен елестейді. Ғылым жолында ағай бізді  
нақтылыққа, ғылыми тұжырым, түйін жасауға, көпсөзділіктен  
аулақ болуға, зерттеген тақырыбыңды дендеп игеруге үйретті.  
Диссертациямыздың алғашқы тарауын жазып алып барғанымда  
күр сөздер мен болжам түрінде айтылған пікір-леп, жорамалдар-  
ды сызып тастады. «Сенің зерттеп жүрген тақырыбыңды сенен  
артық кім біледі, ғылыми пікірлерің, қорытынды тұжырымдарың  
делелді нақты болуы керек, ғылымда «ақсақал айтты, шал айт-